

"Көне Отырарды қалпына келтіру 2005-2009 жылдарға арналған бағдарламасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйектегі N 1009 Қаулысы

Көне Отырар қалашығы археологиясы мен сәулетінің ескерткіштерін сақтау және тиімді пайдалану және оларды зерделеу әрі көпшілікке танымал етудің пәрменді жүйесін құруды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Көне Отырарды қалпына келтіру" 2005-2009 жылдарға арналған бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.17. N 418 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі жарты жылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша 10 шілдеге және 10 қаңтарға Бағдарламаның орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне ақпарат ұсынсын.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.17. N 418 қаулысымен.

4. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі жыл сайын Бағдарламаның орындалу барысы туралы жиынтық ақпаратты 20 шілдеде және 20 қаңтарда Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.17. N 418 қаулысымен.

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.05.17. N 418 қаулысымен

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 0 қ ы р к ү й е к т е г і

N 1 0 0 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

"Көне Отырарды қалпына келтіру"
2005-2009 жылдарға арналған
бағдарламасы

Астана, 2004 жыл

Бағдарламаның паспорты

А т а у ы

"Көне Отырарды қалпына келтіру" 2005-2009 жылдарға арналған бағдарламасы

Ә з і р л е у ү ш і н н е г і з

2004 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Премьер-Министріндегі "Көне Отырар қалашығындағы қалпына келтіру жұмыстарының барысы туралы" кеңестің N 11-7/007-102 хаттамасы

Н е г і з г і ә з і р л е у ш і л е р

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі

М а қ с а т ы

Көне Отырар қалашығы мен Отырар шұраты қалашықтарын қалпына келтіру үшін тарих пен мәдениет ескерткіштерін сақтау әрі тиімді пайдалануды қамтамасыз ету

М і н д е т т е р і

Бағдарламаның міндеттері мыналар:

Отырар мен Отырар шұраты қалашықтарының ескерткіштерін ғылыми зерттеу;
тарих пен мәдениет ескерткіштерінің археологиялық қазбалары, қазылған объектілерді консервациялау;

қалашық сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту;

Отырар археологиялық мұражай-қорығының аумағын көркейту әрі көгалдандыру;

Отырар шұраты аймағында автожолдар салу;

Мұражай ғимаратын қайта жаңарту және оның жаңа экспозициясын безендіру;

Отырар мұражай-қорығында кітапхана салу;

ғылыми еңбектер мен ғылыми-көпшілік әдебиет басып шығару;

Отырар қалашығы мен Отырар шұраты ауданында туризм инфрақұрылымын дамыту, мейманханалар, маусымдық киіз үйлер мен басқа да әлеуметтік-мәдени мақсаттағы құрылыстар салу.

І с к е а с ы р у м е р з і м д е р і

2 0 0 5 - 2 0 0 9

ж ы л д а р

бірінші кезең - 2005-2007 жылдар
екінші кезең - 2008-2009 жылдар

Қажетті ресурстар мен қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Қаржыландырудың жалпы көлемі - 293,8 млн. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен:

2005 жылы - 53,824 млн. теңге;

2006 жылы - 31,3 млн. теңге;

2007 жылы - 13,5 млн. теңге;

жергілікті бюджеттен:

2005 жылы - 0,6 млн. теңге;

2007 жылы - 194,6 млн. теңге.

Бағдарламаны қаржыландырудың 2006-2007 жылдарға арналған көлемі республикалық және жергілікті бюджеттердің тиісті қаржы жылына арналған болжамды көрсеткіштері шеңберінде нақтыланатын болады.

Қаржыландыру көлемін нақтылау және 2006-2007 жылдарға арналған қажетті қаражатты бөлу мақсатында 2007 жылы объектілерді қайта жаңарту мен салу жөніндегі іс-шараларға техникалық-экономикалық негіздемелер (ТЭН) әзірленеді.

2008 жылы техникалық-экономикалық негіздемелер (ТЭН) әзірленгеннен кейін " Көне Отырардың тарихи-мәдени, сәулет және археологиялық ескерткіштерін қалпына келтіру" бағдарламасы іс-шаралар жоспарының II бөлімінде көзделген объектілер салудың бірінші кезеңі басталады.

Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру көне Отырар қалашығы мен Отырар шұратының ескерткіштерін қалпына келтіруге, орта ғасырдағы қаланың материалдық әрі рухани мәдениеті туралы жаңа ғылыми деректер алуға, туризм инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.

Бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін мынадай нәтижелер күтіледі:

Отырар, Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Мардан-Құйық, Көк-Мардан, Бесік қалашықтарында, Талтақай моласында ауқымды археологиялық зерттеулер (қазбалар) жүргізу және ескі және жаңа қазбалар объектілерін консервациялау;

Мұражай-қорық аумағын көркейту әрі көгалдандыру, жүргінші жолдары мен коммуникациялар салу;

туризм инфрақұрылымы объектілерін: киіз үйлер, ғұрыптық асүйлер салу;

зиярат ету орталығын салу;

этнографиялық сауық-танымдық орталық пен Әл Фараби мұражайын салу;

Отырар шұраты аймағында автожол салу;

Оңтүстік Қазақстанның көне әрі орта ғасырлық тарихы туралы; Ұлы Жібек жолындағы қалалардың даму серпіні, Еуразия мәдениеті мен өркениеті диалогы туралы

; Қазақстан қалаларының полеоэкономикасы туралы; этногенез туралы жаңа ғылыми ақпарат алу;

Отырар мұражай-қорығының ескерткіштерін басқару және сақтау жөнінде менеджмент-жоспар әзірлеу;

жаңа құжаттама алу: қалашықтың және бүкіл шұратының картасы, ескерткіштер мен оларды қорғау аймақтарының шекараларын айқындау; шұраттың қорғалатын аймағын айқындау;

оларды Ұлы Жібек жолындағы маңызды туризм орталығына айналдыру мақсатында Отырар мен шұратты мұражайға айналдыру үшін ұсынымдар дайындау; 9 ғылыми монография, альбом кітаптар, буклеттер басып шығару.

Ескерту. Бағдарлама паспортына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.17. N 418 қаулысымен.

Кіріспе

"Көне Отырарды қалпына келтіру" бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) 2004 жылғы 6 мамырдағы Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінде өткен "Көне Отырар қалашығындағы қалпына келтіру жұмыстарының барысы туралы" кеңестің N 11-7/007-102 хаттамасының шешіміне сәйкес әзірленді.

Осы Бағдарламаны әзірлеу Отырар қалашығының тарихи және мәдени ескерткіштерін зерделеуге, археологиялық зерттеуге, консервациялауға және жаңғыртуға байланысты проблемаларды шешумен қалыптасқан жағдайға белсенді түрде сындарлы ықпал жасау қажеттілігінен туындады.

1. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

Отырар қалашығының тарихи және мәдени ескерткіштерін зерделеуге, археологиялық зерттеуге, консервациялауға және жаңғыртуға байланысты проблеманың қазіргі жай-күйі оны сақтау әрі қалпына келтіру жөніндегі шама жетерлік шаралар кешенін қамтамасыз етумен сипатталады.

Көне Отырар қалашығы Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан облысы қазіргі Отырар ауданының аумағындағы Отырар шұратының құрамына енеді.

Қалашықтың сақталуы қанағаттандырарлық күйде. Оңтүстік бөлігін қоспағанда, оның аумағында егістік жоқ.

Отырар - окшаулау даусыз деп саналатын Қазақстанның орта ғасырлардағы аз ғана қалаларының бірі.

Отырар алғаш рет Орта Азия облыстарын арабтардың жаулап алуына байланысты IX ғасырда аталып өтеді. 1218 жылы мұнда Шығыс тарихында "Отырар ойраны" деген атпен белгілі оқиға орын алды.

1947 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ)

ұйымдастырылған кезде Отырар шұратын қарқынды археологиялық зерттеулер басталды. Экспедиция шұраттың Пышақшы төбе, Алтынтөбе, Құйрықтөбе және Көк Мардан қалашықтарында зерттеулер жүргізіп, археологиялық қазбалар қазды.

Отырар мен шұрат ескерткіштері туралы 50-жылдардың аяғына қарай жинақталған бүкіл археологиялық ақпарат "Қазақстанның археологиялық картасында" жарияланды.

1969-1970 жылдары ҚазКСР Ғылым академиясы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының Отырар археологиялық экспедициясы көне Отырарды ауқымды түрде қазуды қайтадан бастады.

1971 жылдан бастап Отырар қалашығында 1993-1996 жылдары ғана үзілген Оңтүстік Қазақстан кешенді экспедициясының зерттеулері басталды, ол күні бүгінге д е й і н ж ұ м ы с і с т е у д е .

Осы жылдары Отырарда XVI-XVIII ғасырлар деңгейі бойынша алаңы 7 га қалашық аумағы ашылды, сондай-ақ қаланың жекелеген аудандарында тимуридтер, қараханидтер дәуірінің объектілері зерттелді.

Қалашықты зерттеудің неғұрлым қызықты объектілері арасында мыналар: XI-XV ғасырлардағы моншалар, XIII-XV ғасырлардағы қыш құюшылар орамы, XIII-XV ғасырлардағы кірпіш күйдіру шеберханасы, XIV ғасырдың аяғы-XVIII ғасырдың басындағы күмбезді мешіттер, қараханидтер, тимуридтер дәуірінің және қазақ х а н д ы ғ ы н ы ң б е к і н і с т е р і .

Құйрықтөбе қалашығында VII-IX ғасырларға жататын сарай кешені, VII-VIII ғасырлардағы бай атақоныс, IX-XI және XI-XII ғасырлардағы тұрғын үй орамдары, XIII-XIV ғасырлардағы темір жасау шеберханалары қазып ашылды.

Мардан Құйықта VII-VIII ғасырлардағы үй құрылысы, IV-VI ғасырлардағы храм, IV-VI ғ а с ы р л а р д а ғ ы қ о р ы м з е р т т е л д і .

Көк Мардан қалашығында IV-VI ғасырлардағы қорғандағы храм кешені, IV-VIII ғасырлар деңгейіндегі құрылыстар, IV-VI ғасырлардағы некрополь қазып аршылды.

Жоғарыда аталған қалашықтар маңында сақталған Отырар шұратының ирригациясы зерттелді. Қазу кезінде қыш пен металл бұйымдарының, монеталардың мол коллекциялары жиналды, оларды зерттеуге монографиялар, альбомдар, мақалалар а р н а л д ы .

Компьютерлік технологиялар пайдаланылған жаңа деңгейде шұрат ескерткіштерін құжаттау жүргізілуде, топырақтанушылармен, геоморфологтармен, палеогеографтармен ынтымақтастықта аэро және ғарыш түсірілімдері пайдаланылып, о н ы ң и р р и г а ц и я с ы з е р т т е л у д е .

Қолда бар барлық материалдарды жариялау мен өңдеу, деректер банкін жасау зерттеулердің маңызды бағыты болып табылады.

1979 жылы Қазақ КСР Министрлер Советінің өкіміне сәйкес Отырар мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығы құрылды, ол ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту мекеме - Отырар шұраты археология ескерткіштерінің негізгі қоймасы болып табылады

. Мұражай қорында 20 мыңнан астам экспонат сақталуда. Отырар ауданы археологиялық ескерткіштерінің көпшілігін күзету жолға қойылған.

2001 жылғы 27 тамызда Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім беру, ғылым және мәдениет мәселелері бойынша ұйымы (ЮНЕСКО) арасында көне Отырар қалашығын сақтау әрі консервациялау жобасы бойынша к е л і с і м г е қ о л қ о й ы л д ы .

Төрт жылға (2001-2004 жылдар) есептелген жоғарыда көрсетілген жоба ескерткішті сақтау әрі консервациялаудың бірегей әдістерін әзірлеуге бағытталған.

Жоба шеңберінде Отырартөбе қалашығында қазылған бірқатар объектілерді консервациялаудың, сондай-ақ Құйрықтөбе қалашығындағы шұғыл консервациялық жұмыстардың ұзақ мерзімді бағдарламасы орындалды.

2002 жылғы сәуірде Отырар мұражай-қорығында Экспериментальдық корпус салынды, онда әртүрлі ғылыми эксперименттер жүргізу үшін компьютерлер, қазіргі заманғы жабдықтар мен зертхана орнатылды.

Жобаны іске асыру барысында консервациялаудың жаңа әдістері, сондай-ақ археологиялық жұмыстарды кейін консервациялаумен қоса атқаруды ұйғаратын инновациялық тәсіл әзірленді әрі сынақтан өткізілді. Отырар қалашығына арналып әзірленген консервациялау әдістері өңірдегі басқа ұқсас ескерткіштерге де қолданылуы мүмкін. Жоба ғылыми түрде тексерілген консервациялаудың үлгісі, сондай-ақ болашақ жұмыстар үшін эталон бола алады.

ЮНЕСКО-Қазақстан-Жапония жобасы аяқталғаннан кейін қайта жаңғырту және консервациялау жөніндегі жұмыстар, әлбетте жалғастыруды талап етеді.

Сонымен бірге, көне Отырар қалашығын сақтау әрі қалпына келтіру саласында қалыптасқан жағдай осы бағыттағы қызметті одан әрі дамыту мен жандандыру жөніндегі кідіріссіз шаралар кешенін талап етеді.

Көне қалашықты зерделеудің аса маңызды проблемаларының бірі - шұрат қалашығының қазылған объектілерін, бәрінен бұрын, лай кірпіштен салынған құрылыстарды сақтаумен байланысты мәселе болып табылады.

Отырар шұратының лай кірпішті ескерткіштерін сақтау бірқатар техникалық проблемаларды шешуге бағытталған. Өңірдегі күрт континентальдық климат күрделі факторлардың бірі болып табылады: температура жаздағы +40-тан қыста -20-ға дейін төмендейді. Климат, сондай-ақ жауынның мол болуымен сипатталады. Мұның өзі шұрат аумағындағы ескерткіштердің тез бұзылуы қаупін туғызады, қазіргі уақытта тап солай болуда. Осы факторлардың салдарынан басқа өңірлерде сынақтан өткізілген консервациялаудың стандартты әдістері Отырар қалашығына қолданылмайды. Басқа проблема Отырар шұраты көлемінің және ескерткіштерді қазу ауқымының зор б о л у ы м е н б а й л а н ы с т ы .

Объектілерді консервациялау белгілі бір қиындықтар туғызуда. 40 жылдан астам уақыт бұрын қазылған лай кірпішті ескерткіштер ішінара бұзылуда, ал таяуда ашылған

объектілер жай-күйі жылдам нашарлауда. Осал сәулет құрылыстарына келуші адамдар санының көбеюі де қауіп туғызуда.

1980 жылы салынған мұражай-қорық ғимараты күрделі жөндеуге мұқтаж, мұражайдың экспозициялары да қайта безендіруді талап етеді. Мұражай-қорықтың қорғау аймағы күні бүгінге дейін қоршалмаған. Сапалы жолдар мен қонақ үй сервисінің жоқтығынан туризм инфрақұрылымы дамымаған. Мұражай-қорықтың материалдық-техникалық базасының нашарлығы толыққанды ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту және шаруашылық қызметін жүргізуге мүмкіндік бермейді.

Осы Бағдарлама шеңберінде жоғарыда айтылған проблемаларды кешенді түрде шешу көне Отырар қалашығын зерттеу, сақтау әрі көпшілікке танымал ету жүйесін одан әрі дамытуға жәрдемдеседі.

Оны халықаралық және ішкі туризм орталығына айналдырып, археологиялық кешен құру жөніндегі осындай жобалар бірқатар шет елдерде бар.

Өзбекстанда, Самарқант аумағындағы Афрасиаб қалашығында оларды кейіннен консервациялай отырып, археологиялық қазбалар 100 жылдан астам уақыт бойы жүргізілуде. Нәтижесінде Афрасиаб Самарқанттың ең адам көп келетін орындарының біріне айналды.

Пәкістанда, Мохенджо-Даро қалашығында археологиялық және консервациялау жұмыстары 100 жылдан астам уақыт бойы жүргізілуде. Қазіргі уақытта қаланың жанында археологиялық база - тұрақты ғылыми және консервациялау жұмыстары орталығы салынған. Туризм инфрақұрылымы жолға қойылған - қонақ үйлер, мұражай салынған, соның нәтижесінде қала Пәкістандағы халықаралық туризм орталықтарының біріне айналды.

2. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты - көне Отырар қалашығы мен Отырар шұраты қалашықтарын қалпына келтіру үшін тарих пен мәдениет ескерткіштерінің сақталуын әрі оларды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету мынадай міндеттерді шешу арқылы жүзеге асырылады:

Отырар қалашығы мен Отырар шұраты қалашықтарының ескерткіштерін ғылыми зерттеу;

тарих пен мәдениет ескерткіштерінің археологиялық қазбалары, қазылған объектілерді консервациялау және мұражайға айналдыру;

қалашық сәулет ескерткіштерін қайта жаңғырту;

ғылыми еңбектер мен ғылыми-көпшілікке танымал әдебиетті басып шығару;

Отырар қалашығы мен Отырар шұратында туризм инфрақұрылымын дамыту.

3. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

Бағдарлама 2005-2009 жылдар кезеңінде іске асырылады: бірінші кезең - 2005-2007 жылдар, екінші кезең - 2008-2009 жылдар.

Бағдарламада көне Отырар қалашығын сақтау әрі қалпына келтірудің мынадай бағыттары көзделді:

көне Отырар қалашығын зерделеудің тұтас жүйесін қалыптастыру, оны археологиялық зерттеуді жүзеге асыру, оларды туризм инфрақұрылымы жүйесіне енгізу;

Отырар қалашығы мен Отырар шұратындағы ескерткіштерді қайта жаңғырту, консервациялау әрі пайдалану;

тарих ғылымының ғылыми білімін көпшілікке таныту, теориялық проблемаларын әзірлеу, ғылыми және энциклопедиялық әдебиет басып шығару.

Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу тетіктері мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

Отырар мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығының ескерткіштерін басқару әрі сақтау жөніндегі менеджмент-жоспарды әзірлеу;

Отырар қалашығы мен Отырар шұратында кең ауқымды археологиялық қазбаларды қолмен және техниканы қолданып жүргізу;

археологиялық қазбалардан кейін археологиялық объектілерді консервациялау;

Отырар қалашығы мен Отырар шұратының аумағындағы тарихи және мәдениет ескерткіштерді көркейту әрі көгалдандыру;

қонақ үй кешенін, зиярат ету орталығын, кітапхана, мұражай, этнографиялық ойын-сауық - танымдық орталық, Отырар қалашығы мен мұражай-қорық аралығында толық жайластырылған жүргінші-көлік байланысы жолдарын салу;

Отырар қалашығы ауданында қыш көзе шеберханаларын қалпына келтіру және Отырар қалашығы мен Отырар шұраты қалашықтарындағы қазбалар үстінде жабынды құрастырмалар құрылысын салу;

Отырар қалашығы мен Отырар шұраты қалашықтарының тарихи-мәдени ескерткіштерін насихаттау жөніндегі монографиялар, альбом-кітаптар, буклеттер, ғылыми әдебиет басып шығару.

4. Қажетті ресурстар мен бағдарламаны қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Қаржыландырудың жалпы көлемі - 293,8 млн. теңге, оның ішінде республикалық бюджеттен: 2005 жылы - 53,824 млн. теңге; 2006

жылы - 31,3 млн. теңге; 2007 жылы - 13,5 млн. теңге; жергілікті бюджеттен: 2005 жылы - 0,6 млн.теңге; 2007 жылы - 194,6 млн.теңге. Бағдарламаны қаржыландырудың 2006-2007 жылдарға арналған көлемі тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттердің болжамды көрсеткіштері шеңберінде нақтыланатын болады.

Қаржыландыру көлемін нақтылау және 2006-2007 жылдарға арналған қажетті қаражатты бөлу мақсатында 2007 жылы объектілерді қайта жаңарту мен салу жөніндегі іс-шараларға техникалық-экономикалық негіздемелер (ТЭН) әзірленеді.

2008 жылы техникалық-экономикалық негіздемелер (ТЭН) әзірленгеннен кейін " Көне Отырардың тарихи-мәдени, сәулет және археологиялық ескерткіштерін қалпына келтіру" Бағдарламасы іс-шаралар жоспарының II бөлімінде көзделген объектілерді салудың бірінші кезеңі басталады.

Ескерту. 4-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.17. N 418 қаулысымен

5. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру көне Отырар қалашығы мен Отырар шұратының ескерткіштерін қалпына келтіруге, орта ғасырдағы қаланың материалдық әрі рухани мәдениеті туралы жаңа ғылыми деректер алуға, туризм инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.

Бағдарламаны іске асыру аяқталғаннан кейін мынадай нәтижелер күтіледі:

Отырар, Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Мардан-Құйық, Көк Мардан, Весидж қалашықтарында, Талтақай моласында ауқымды археологиялық зерттеулер (қазбалар) жүргізу әрі ескі және жаңа қазбалар объектілерін консервациялау;

мұражай-қорық аумағын көркейту әрі көгалдандыру: жүргінші жолдары мен коммуникациялар салу;

туризм инфрақұрылымы объектілерін: қонақ үйлер, киіз үйлер, ғұрыптық асүйлер салу;

зиярат ету орталығын салу;
этнографиялық ойын-сауық-танымдық орталық пен Әл Фараби мұражайын салу;

Отырар шұраты аймағында автожол салу;

Қазақстанның көне әрі орта ғасырлық тарихы туралы; Ұлы Жібек жолындағы қалалардың даму серпіні, Еуразия мәдениеттері мен өркениеттерінің диалогы туралы; Қазақстан қалаларының полеоэкономикасы туралы; этногенезі туралы жаңа ғылыми ақпарат алу;

Отырар мұражай-қорығының ескерткіштерін басқару және сақтау жөнінде менеджмент-жоспар әзірлеу;

жаңа құжаттама алу: қалашықтың және бүкіл шұраттың картасы, ескерткіштер мен оларды қорғау аймақтарының шекараларын айқындау; шұраттың қорғалатын аумағын

а й қ ы н д а у ;

оны Ұлы Жібек жолындағы маңызды туризм орталығына айналдыру мақсатында Отырар мен шұратты мұражайға айналдыру үшін ұсынымдар дайындау; 9 ғылыми монография, альбом-кітаптар, буклеттер басып шығару.

6. "Көне Отырарды қалпына келтіру" 2005-2009 жылдарға арналған бағдарламасының іс-шаралар жоспары

Ескерту. 6-бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.17. N 418 қаулысымен

N	Іс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындалуы (іске асырылуы) үшін жауаптылар	Орындау (іске асыру) мерзімі	Болжам. шығыстар, млн. теңге	Қаржы.ландыру көзі
1	2	3	4	5	6	7

I. Археологиялық ескерткіштерді ғылыми зерттеу

1	Отырар мемлекеттік археологиялық мұражай-қорығының ескерткіштерін басқару жөнінде жоспар әзірлеу	Қазақстан Республикасының	МАМ	2005 жыл	8,0	Республикалық бюджет Үкіметіне ақпарат менеджмент -
2	Отырар қалашығында оны ішінара консервациялап, дайындау	10 батыс	МАМ ақпарат	БҒМ және бұрылмалардағы қабырғаны ғылыми	2005 жыл	1,0 Республикалық бюджет оңтүстік тазалау құжаттаманы
3	Отырар қалашығында оны ішінара	МАМ ақпарат	БҒМ	2005 жыл	1,0	Республикалық

	консервациялап,	оңтүстік іргелес қабырғаны	қақпасына бекіністік қазу әрі	бюджет
тазалау				
4	Объектілерді ішін- ара консервациялап, Әл Фарабидің Отаны - Весидж қалашығын	МАМ ақпарат БҒМ	МАМ, БҒМ	2005 1,0 жыл 0,5 2006 Республи. калық бюджет жыл
қазу				
5	Оны ішінара консер. вациялау әрі көркейту мақсатында	МАМ ақпарат	МАМ, БҒМ	2006 2,0 жыл Республи. калық бюджет
		Отырар орталығында ғасырлар дегі тазалау . құжаттаманы	қалашығының ХІ - ХІІ деңгейін . қазбаларды Ғылыми	
дайындау				
6	Отырар қалашығында оны ішінара консер. вациялап, 10 м	МАМ ақпарат	БҒМ	2007 2,0 жыл Республи. калық бюджет
			учаскесінде " Дарбаза және сопы " қақпасының сын қазу тазалау . құжаттаманы	
дайындау				
7	"Дарбаза және сопы" қақпасында ХІ-ХІІ ғасырлардағы Отырар	МАМ ақпарат	БҒМ	2007 2,0 жыл Республи. калық бюджет
		моншасын тазалау . жаңарту терімен ішінара циялау .	қазу Қайта элемент- моншаны консерва. Ғылыми	

қ ұ ж а т т а м а н ы

дайындау
 8 Отырар, Алтынтөбе және Құйрықтөбе қалашықтарынан қалдықтарды шығару
 МАМ ақпарат МАМ, БҒМ 2005 жыл 2,0 Республ. калық бюджет жыл
 2006 жыл 2,0
 2007 жыл 2,0

9 Көк Мардан қалашығындағы қазбалар, ішінара консервациялау үшін объектілерді және ғылыми құжаттаманы
 МАМ ақпарат БҒМ 2005 жыл 1,0 Республ. калық бюджет

дайындау
 10 Талтақай некрополін және Жуантөбе қалашығын қазу.
 МАМ ақпарат БҒМ 2005 жыл 2,0 Республ. калық бюджет
 Ғ ы л ы м и қ ұ ж а т т а м а н ы

дайындау
 11 Оны ішінара консервациялау мақсатында Мардан-қазу.
 МАМ ақпарат БҒМ 2005 жыл 1,0 Республ. калық бюджет
 Қ ұ й ы қ н е к р о п о л і н Ғ ы л ы м и қ ұ ж а т .

таманы дайындау
 12 Алтынтөбе қалашығын қазу әрі көне қазбаларды тазалау,
 оларды ішінара консервациялау.
 МАМ ақпарат МАМ, БҒМ 2006 жыл 3,0 Республ. калық бюджет
 Ғ ы л ы м и қ ұ ж а т т а м а н ы

дайындау
 13 Құйрықтөбе қалашығындағы сарайдың үлкен залын тазалау әрі оны ішінара консервациялау,
 МАМ ақпарат МАМ, БҒМ 2006 жыл 2,5 Республ. калық бюджет

	Құйрықтөбе Жуантөбе рындағы қазбаларды	және қалашықта. көне қазу			
әрі тазалау					
14 Мардан-Құйық қала. шығындағы көне қазбаларды тазалау	МАМ ақпарат	БҒМ қала	2007 жыл	3,0	Республи. калық бюджет
	әрі (жылжымалы 10 м қабырға) рін	қала орамы монша, учаскедегі объектіле. ішінара консервациялау.			
	Ғылыми	құжаттаманы дайындау			

Жиыны:	36,0	2005	17,0
		жыл	
		2006	10,0
		жыл	
		2007	9,0
		жыл	

II. Көне Отырардың тарихи-мәдени, сәулет және археологиялық ескерткіштерін қалпына келтіру

15 Отырар археология. лық мұражай-қорығын ұстау және оның экспозициясын безендіру	Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ақпарат	МАМ	2005 жыл	29,924 20,3	Республи. калық бюджет жыл
16 Арыстан-баб кесе. несі жанында маусымдық киіз үй орнатуды ұйымдас. тыру	МАМ ақпарат	Оңтүстік Қазақстан	2005 жыл	0,6	Жергілікті бюджет облысының әкімдігі
				2007	0,6
	жыл				

17	Арыстан-баб кесене. МАМ сі жанындағы ақпарат аумақты көркейту әрі көгалдандыру: жүргінші жолдар салу, кесене аума. ғ ы н	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	2007 2008	60,0 *	Жергілікті бюджет жыл жыл
	қоршау	ж а р ы қ т а н д ы р у ,			
18	Арыстан-баб кесене. МАМ сі жанында ақпарат кітапхана салу	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	2007 2008	50,0 *	Жергілікті бюджет жыл жыл
	жыл				
19	Арыстан-баб МАМ кесенесі жанында ақпарат 220 орындық қонақ үй кешенін салу жыл	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	2007 2008	* *	Республи. калық бюджет жыл жыл
	жыл				
20	Отырар мұражай- МАМ қорығы қалашықтары ақпарат (12 қалашық) арасында толық жайластырылған жүргінші - көлік байланысын орнату	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	2007 2008	* *	Республи. калық бюджет жыл жыл
21	Отырар шұраты МАМ аумағында автожол. ақпарат дар салу жыл	Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі	2007 2008	* *	Республи. калық бюджет жыл жыл
	жыл				
22	Отырар қалашығы МАМ ауданындағы қыш ақпарат көзе шеберханала. рын қалпына келтіру	Оңтүстік Қазақстан облысының	2007 жыл	30,0	Жергілікті бюджет әкімдігі

23	Отырар қалашығы мен Отырар шұратын дағы құрастырма салу	МАМ ақпарат қазбалар үстіне	БҒМ	2007 жыл	54,0	Жергілікті бюджет
						жабынды
24	Этнографиялық ойын-сауық-танымдық орталық салу	МАМ ақпарат	Оңтүстік Қазақстан облысының	2007 жыл	* 2008	Республикалық бюджет жыл
				әкімдігі		*
25	Арыстан-баб кесенесі жанында зиярат ету орталығын салу	МАМ ақпарат	Оңтүстік Қазақстан облысының	2007 жыл	* 2008	Республикалық бюджет жыл
				әкімдігі		*
26	Әл Фараби мұражайын салу	МАМ ақпарат	Оңтүстік Қазақстан облысының	2007 жыл	* 2008	Республикалық бюджет жыл
				әкімдігі		*
						жыл
Жиыны:		245,4		2005	30,524	жыл
оның ішінде,				2006	20,3	жыл
республикалық бюджет:				2007	194,6	жыл
2005 жыл - 29,924;						
2006 жыл - 20,3						
2007 жыл						*
жергілікті бюджет:						
2005 жыл					0,6	
2007 жыл					194,6	

III. Отырар қалашығы мен Отырар шұратының тарихи-мәдени ескерткіштерін насихаттау жөніндегі ғылыми және ғылыми-көпшілік әдебиетті басып шығару

27	"Отырар шұраты" - альбом-кітап	МАМ ақпарат бюджет	БҒМ	2005 жыл	1,5	Республикалық
28	"Құйрықтөбе қалашығы - Кедар қаласы" - альбом-кітап	МАМ ақпарат бюджет	БҒМ	2005 жыл	2,4	Республикалық
29	"Мардан-Құйық қалашығы" - буклет	МАМ ақпарат бюджет	МАМ, БҒМ	2005 жыл	0,5	Республикалық
30	"Көк Мардан қалашығы" - буклет	МАМ ақпарат бюджет	МАМ, БҒМ	2006 жыл	0,5	Республикалық
31	"Орта ғасырлардағы Қазақстанның діндері мен ғұрыптары" - монография	МАМ ақпарат	БҒМ	2005 жыл	1,5	Республикалық бюджет
32	"Ерте орта ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстанның некропольдері" - монография	МАМ ақпарат	БҒМ	2005 жыл	1,5	Республикалық бюджет
33	"Отырардың және Оңтүстік Қазақстан қалаларының бекіністері" - монография	МАМ ақпарат	БҒМ	2007 жыл	1,5	Республикалық бюджет
34	"Отырар және Отырар шұраты" - монография	МАМ ақпарат бюджет	БҒМ	2007 жыл	1,5	Республикалық
35	"Отырардың және Отырар шұратының құжаттамасы" - монография	МАМ ақпарат	БҒМ	2007 жыл	1,5	Республикалық бюджет

Жиыны:

12,4

2005 6,9

жыл

2006 1,0

жыл

2007 4,5*

Барлығы:	293,8	2005	54,424
оның ішінде			жыл
республикалық		2006	31,3
бюджет:			жыл
2005 жыл - 53,824;		2007	208,1
2006 жыл - 31,3;			жыл
2007 жыл		-	13,5;
жергілікті			бюджет:
2005 жыл		-	0,6;
2007 жыл		-	194,6.

*2006-2007-2008-жылдарға арналған шығыстар көлемі тиісті қаржы жылына арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес анықталады (нақтыланады).